

С. РУСТЕМОВА¹✉, В. КРЪСТЕВ², К. ТУКИБАЕВА¹, Д. АЛИМБЕКОВ³

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Астана), e-mail: sabiruwa1986@mail.ru

²Варна экономикалық университеті (Болгария, Варна)

³Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан қаласы)

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Абай облысының туристік мүмкіндіктері мен туристік әлеуетін анықтау және пайдалану жолдары, оларды жетілдіру туралы зерттеулер қарастырылады. Туризм индустриясы тарихи-мәдени ресурстарды пайдалану негізінде республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын ел экономикасының бір бөлігі болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстанда туризмді реформалау және туристік бизнесті дамыту стратегиясы бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Туризмнің тұрақты және әлеуметтік дамуы проблемасы Қазақстан Республикасының бүкіл тарихи дамуында өзекті болып келеді. Туризмді дамыту аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді: кәсіпкерлікті дамыту, табыс табу, жұмыс орындары, сол арқылы кедейшілікті азайту. Абай өңірінің географиялық орналасуы, ерекшеліктері мен дамуының талдауы, туристік факторлары мен өңірдің бәсекелестік артықшылықтары берілген. Мақалада Абай облысындағы туризмнің негізгі түрлері қарастырылған, сонымен қатар осы аймақтағы туризмнің дамуының негізгі көрсеткіштері мен қазіргі жағдайына талдау жасалған. Абай облысының туристік әлеуетінің, Pest-талдау, SWOT-анализі зерттеулері жасалды: туризмнің мықты және әлсіз жақтары, сонымен қатар ауданның мүмкіншіліктері мен қауіптері көрсетілді. Кіру және шығу туризмінің дамуына кедергі болған факторлар және Абай облысында туризмнің дамуына жағымды әсер ететін факторлар анықталды. Мақалада Абай облысындағы туризмнің негізгі түрі тарихи-мәдени туризмнің даму болашағы мен мүмкіндіктері қарастырылып, негізгі тарихи-мәдени ресурстарға талдау жасалған. Сонымен қатар осы аймақтағы туризмнің дамуының негізгі көрсеткіштері мен қазіргі жағдайына талдау ұсынылады.

Кілт сөздер: туризм, рекреация, танымдық туризм, мәдени туризм, өңірлік туризм, табиғи-ресурстық әлеуеті, туристік әлеует.

Кіріспе

Абай облысы — Қазақстанның шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлініс. Әкімшілік орталығы – Семей қаласы. Құрылған уақыты - 2022 жылғы 8 маусым. 8 ауданнан және

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Рустемова С., Кръстев В., Тукибаева К., Алимбеков Д. Абай облысында тарихи-мәдени туризмді дамыту мүмкіндіктері. –2025. –No2(8). –б. 38–49. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.03>

*Cite us correctly: Rustemova S., Krstev V., Tukibaeva K., Alimbekov D. Abaj oblysynda tarihi-mădeni turizmdi damytu mumkindikteri. [Opportunities for the development of historical and cultural tourism in Abay region] –2025. –No2(8). –b. 38–49. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.03>

облыстық бағыныстағы 2 қаладан тұрады.

Абай облысы оңтүстігінде Жетісу, солтүстік-батысында Павлодар, батысында Қарағанды, солтүстік-шығысында Шығыс Қазақстан облыстарымен, оңтүстік-шығысында Қытай Халық Республикасымен, солтүстігінде Ресей Федерациясымен шектеседі.

Мемлекет басшысы туризмді дамыту жөніндегі кеңесте саланың экономиканың маңызды драйвері және инвестициялар үшін перспективалы бағыт екенін атап өтті. Президенттің тапсырмасына сәйкес, Абай облысында туристік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Бұл бастамалар айтарлықтай нәтижелер беруде. Сондай-ақ, облыс әкімі Берік Уәлидің тапсырмасымен өңірде туризм басқармасы құрылады. Негізгі мақсаты – өңірдің туристік әлеуетін одан әрі дамыту.

2024 жылдың III тоқсанының қорытындысы бойынша өңірге 225,8 мың турист келді, олардың 2 949-ы шетелдік қонақтар. Облыста 6 582 орындық 321 орналастыру нысаны жұмыс істейді, ал көрсетілген қызметтердің көлемі 4,8 млрд теңгені құрады. Туризм саласына 12,9 млрд теңге инвестиция тартылды, оның 3 млрд теңгесі жеке капитал есебінен.

«Туризмді дамыту – бұл тек экономикалық өсім ғана емес, өңірдің бірегей табиғи және мәдени әлеуетін ашудың негізгі мүмкіндігі. Біз инфрақұрылым мен сервисті жетілдіре отырып, қонақтар мен инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауды жалғастырамыз», – деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары Қуаныш Сүлейменов. [1].

Туристік қызмет жүргізудің маңыздылығы және аймақтың туристік әлеуетінің дамуы, аталмыш саладан түсетін мүмкін кірістер қазіргі қоғамда үлкен қызығушылық тудырады және зерттеу жұмысының маңыздылығы мен ауқымдылығын арттырады. Аймақ табиғи әлеуетін сақтап қалған тиімді географиялық орыны мен бай табиғи және мәдени мұралары бірігіп жағымды үйлесім тапқан. Бұл үйлесімділік туризмнің жаңа түрлерінің пайда болуына және жетілуіне зор мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл арнайы зерттеулер мен туристік қызмет нарығындағы оның алға жылжуына көп жұмыс істелуін қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты – Абай ауданының тарихи және мәдени әлеуетін туризмнің даму факторы ретінде пайдалануға және оны жетілдіруге ұыныстар қалыптастыру.

Жұмысының зерттеу нысаны: Абай аймағының туристік саласының дамуының негізі болып табылатын аймақтың тарихи-мәдени әлеуеті. Тарихи-мәдени мұралары мен Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы.

Әдебиетке шолу

Соңғы бес жылда туризмнің даму қарқынын зерделеуде отандық туризмді дамыту бағдарламаларының маңызы зор [1]. Бұл жоба Елбасының Қазақстанда туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу бойынша 2018 жылғы 10 мамырдағы тапсырмасын орындау және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру мақсатында жасалып отыр. Мәдениет және спорт министрлігі туризмді дамытудың жаңа жобасын жасап бекітті. Ол 2019-2025 жылдар аралығында іске асырылып жатыр. Мұнда шекарадан өткен шетел азаматтарының санын 9 млн адамға, кәсіби қызметпен емес, 24 сағаттан астам уақыт ҚР аумағында өткізген шетелдіктер санын 3 млн адамға ұлғайту жоспарланған. Сонымен қатар 7 жылдан кейін туристік салада 650 мың адам жұмыс істейтіні көзделуде. Орналастыру орындары көрсеткен туристік қызметтер көлемі 2,5 есеге өсетіні (270 млрд теңгеге дейін), негізгі капиталға инвестициялардың көлемі 3 есеге артатыны (600 млрд теңгеге дейін) да

жоспарда бар [1].

Туризмнің жақсы дамуына әсер ететін негізгі факторларды былай жіктеуге болады, аймақта туристік-рекреациялық ресурстардың болуы, тарихи-мәдени көрікті жерлер, дамыған туристік инфрақұрылымның болуы, жарнама және әлемдік нарықта туризмді белсенді жылжыту әдістері, салынған инвестицияның қысқа мерзімдегі қайтарымдылығы мен жоғары экономикалық пайдалылық.

Алдыңғы зерттеулерде, Ю. Исаков, Б. Иманбекова, А. Бейсембинова, А.Молдғалиева, З.Абишева, Н.Усенов және Л.Давидтың [2] ғылыми еңбектерінде Қазақстандағы туризмді дамытудағы аймақтық ресурстар мен өлкетанулық жұмыстардың тиімділігі айтылса, С.М.Рустемова мен А.А.Жакуповтың еңбегінде қаралып отырған Абай аймағының туристік болашағы жан-жақты зерттелініп талданған [6]. Уранхаев. Н еңбегінде облыстың тарихи-мәдени ресурстары мен нысандарына сипаттама берілген, ол аймақта тарихи-мәдени туризм мүмкіндіктерін айқындайды. Сондай-ақ зерттеу барысында Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы материалдары мен облыс әкімшілігінің жеке құжаттары мен материалдары пайдаланылды.

Бұл ғалымдардың зерттеулері мен дернектері аталмыш мақаланы жазуда үлкен маңызға ие және зерттеу жұмысының тиянақтылығына негіз болды деп айтуға болады.

Материалдар мен әдістері.

Зерттеу жұмысында сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-типологиялық, статистикалық әдістер, әлеуметтік, ақпараттық, сонымен қатар әдебиеттердің жан-жақтылығы, сараптау, бағалау және жүйелеу сияқты түрлері мен тәсілдері қолданылды.

Сонымен қатар зерттеу барысында аймақта туризмнің дамуына қатысты құқықтық, экономикалық және әлеуметтік факторлар талданды. Аймақтық және халықаралық тәжірибелердің салыстырмалы талдауы жүргізілді. Абай облысындағы туристік әлеуетті арттыру жолдарын анықтау мақсатында аймақтың туристік инфрақұрылымы, соның ішінде қонақ үй саласы, көлік байланыстары және мәдени-танымдық нысандар зерттелді. Туризмнің әлеуметтік-экономикалық әсерін анықтау үшін экономикалық есептеулер жүргізіліп, облыстың туристік ағынына қатысты статистикалық деректермен жұмыс жасалды.

Абай облысы туризмді дамытатын әлеуеті жоғары аймақтардың бірі. Абай ауданы аймағы тарихи-мәдени құндылықтарға бай аймақ, оның әр бір өңірі тарих пен мәдениет ортасы. Облыстың ірі қалаларының бірі Семей қаласынан оңтүстік батысқа қарай Шыңғыстаудың бөктерінде орналасқан Абай ауданы осындай ерекше мәдени құндылықтарға толы.

Қазіргі таңда жылдан жылға Абай облысына шетелдік туристер топтарының, оқушылар мен студенттердің назары көптеп аударып келеді, әсіресе оқу орындары экскурсияларды ұйымдастырып, мұғалімдер өз оқушыларыны туристік маршруттарды ұсынып қызықтырған жағдайда. Ұлттық реңкпен танысу және мұражай кешендерін, сондай-ақ жергілікті қасиетті орындарды аралау үшін Абай өңірін көбірек таңдайтын туристерді тарту үшін инфрақұрылым – бірінші кезекте жолдар, тамақтану орындары кеңейтілуде. Абай облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыс әкімі атап өткендей, туристер саны жылдан жылға артып келеді. Егер

2021 жылы облысқа 30 433 адам келсе, 2022 жылы – 32 793 адам келген.

Туристердің қызығушылығын арттыру және жеке кәсіпкерлер есебінен этнотуризмді дамыту мақсатында 2022 жылы Сырт Қасқабұлақ ауданында киіз үй орнатылып, тұрғындар мен туристерге ұлттық тағамдар ұсынылған. Жергілікті бюджет есебінен «Еңлік-Кебек» монументіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. 2024 жылы облыс әкімдігі туризмді дамыту бағытында ауқымды жұмыстарды атқаруды жоспарлап отыр.

2023 жылы 5 ауылдық округке интернет тартылып, республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар жолдар жөнделді. Мұның барлығы туристерге келуге қолайлы жағдай жасайды.

Әрбір компанияның карталарында барлық қажетті ақпарат, соның ішінде контактілер, пайдаланушылардың пікірлері және рейтингтері бар. Туристер баратын жерлері туралы толық ақпаратты жылдам ала алады [3].

Нәтижелер және талқылаулар.

Аймақтағы тарихи-мәдени объектілердің қазіргі жағдайы мен болашағын талдау жүргізсек.

Абай облыстық «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының өзі деңгейлес барлық музейлер тәрізді замана желі әсерімен ХХІ ғасырға лайықты мұражай болу жолдарын тынымсыз іздестіру жолында. Бұл мұражай менеджментіндегі алға қойған мақсаттары: бейхабар келушілерде қызығушылық әсерін оятуда, қызығушылығы оянған келушіні бір күндік келушіге айналдыру, бір күндік келушіні тұрақты келушіге ұштастыру, тұрақты келушіні музейдің жанашырына айналдыру болып табылады. Ол үшін музейге келушіні мұқият зерттеу қолға алынған [4].

Абай ауданында барлық елді мекендерді қоса алғанда 42 тарихи, мәдени ескерткіштер, 60-тан астам ел тарихына, әсіресе Абай есіміне қатысты тарихи орындар мен 30-дан астам археологиялық, көне ескерткіштер бар екен [5].

Жалпы Абай ауданында жергілікті маңызы бар. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін (кесте-1) келтіруге болады.

Кесте 1 – Абай ауданының жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

№	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
1	2	3	4
1	Абыралытас, петроглифтер тобы қола дәуірі	археология	Кайнар ауылынан 30 км Жылғыстау тауының солтүстік жағында
2	Сарыкөл тас мүсінді көне түрік қорғандары, ерте ортағасыр	археология	Қарауыл ауылынан 30 км Сарыкөл көліне қарай
3	Текебұлақ 1,2,4 моласы датасы анықталмаған	археология	Қарауыл ауылынан 35 км Текебұлақ бұлағы жағасы
4	Ш.ӘбенOVтың мұражай-үйі 2003 жыл	қала құрылысы және сәулет	Құндызды ауылы
5	Ш.ӘбенOVтың бейіті 2000 жыл	қала құрылысы және сәулет	Қарауыл ауылынан оңтүстікке қарай 90 км

жалғасы келесі бетте...

1	2	3	4
6	Айпара-ана мазары 1999 жыл	қала құрылысы және сәулет	Қарауыл ауылынан оңт- батысқа қарай 15 км, Бөкенім өзенінің жағасы
7	Ақтамберді мазары 1989 жыл	қала құрылысы және сәулет	Жидебай ауылы, ауылдық зират
8	Кеңес Одағының батыры 3.Белібаевқа ескерткіш 1985 жыл	қала құрылысы және сәулет	Архат ауылы, мәдениет үйінің алдында Қарауыл ауылынан 70 км
9	Дәмөгөй, Кәмила, Жағыпар бейіттері 1987 жыл	қала құрылысы және сәулет	Қасқабұлақ ауылынан оңт-батысқа қарай 18 км
10	Ділдә мен Әйгерім (Аралтөбе) бейіті 1924 жыл	қала құрылысы және сәулет	Қасқабұлақ ауылынан солт-шығысқа қарай 20 км
11	«Еңлік-Кебек» XIV-XV ғасырлар, құлпытас	қала құрылысы және сәулет	Қасқабұлақ ауылынан 25 км Қарауыл ауылына қарай тас жолдың бойы
12	Ералы би мазары, авторы М.Жанболатов 1998 жыл	қала құрылысы және сәулет	Қасқабұлақ ауылынан 15 км
Ақпарат көзі: Мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған			

Бөрілі - Әуез әулетінің ата мекен қоныс-қыстауы. Абай мен Әуездің бір-біріне жиі қатынасып тұрғаны белгілі. Қыстаулары да жақын 3-3,5км аралығында орналасқан. Сол себепті Әуездің немересі – Мұхтар 1897 жылы 28 қыркүйекте Аяққараған деген жерде дүниеге келгенде Абай жасы үлкен досының қуанышына ортақ болғанды.

Аяққараған мен Бөрілі – қазақ әдебиетінің классигі, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты, абайтанудың негізін салушы, әлемге әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтың ата қонысы ретінде қадірлі жерлер [6].

Мұражай-үйдің экспозициясы жазушының 90-жылдық мерейтойына орай ашылды.

1987 жылдан бастап Бөрілідегі жазушының мұражай-үйі Абай мұражайының бөлімі болып келеді. «Омархан – Нұржамал» кесенесі 1997 жылы салынды. Кесене жобасының авторы – сәулетші Бек Ибраев, орындаушы - Нұрлан Назарбеков. Ішкі безендіру жұмыстарын жүргізген «Ел дана» кәсіпорнының шеберлері. [7].

1960 ж. Абай ауданының тұрғындары Еңлік пен Кебек бейітінің басына қазіргі жаңа ескерткішті тұрғызды. Ескерткіштің қасында Ақшоқы шағын ауылы бар. Абайдың әкесі, аға сұлтан Құнанбай қажы мен оның ұрпақтары осында жерленген. Абай ауданында Архат тауы орналасқан, таудың Қопадай ғажайып көлімен, Үш келіншектей ерекше тауымен, Күйметастай дара биігі бар.

Аудан орталығы Қарауылға қарай созылған жолдың сол жағында қасқайып қарсы тұрған тау – Үлкен Орда, оң жағындағысы – Кіші Орда деп аталады. Үлкен Орданың бауырында сол кезден Абай ауданын мекендеген тобықты елінің қолбасшысы Тоқтамыс батыр мен атақты Мамай батырдың кесенелері орналасқан [8].

Мәдени туризмнің ең негізгі бөлшегі ретінде тарихи-мәдени құндылықтарды алсақ, яғни тарихи-мәдени құндылықтар кезең кезеңмен жинақталған, өткен ғасырлардағы

адамгершілікті және рухани тәжірибе алынады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы N 288- VI ҚРЗ «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 27-бабына және Ескерткіштер мен тарихи және Мемлекеттік маңызы бар объектілерге тізім жасалған, ескерткіштерді қаржылай сақтау туралы құқықтық алғышарттар құрады, соның ішінде табиғи және антропогендік тегі бар тәуекелдік факторларын анықтауға болады [9]. Туризм мен мәдениеттің өзара байланысы анық: туризмнің бес негізгі мотивтерінің (таным, коммуникация, емдеу және сауықтыру, әлеуметтік престиж) барлығы мәдени элементті өзіне кірістіреді. Осылай талдағанда мәдениетті бір жағынан ескерткіштер, қолөнер туындылары, материалды заттар және т.б. қарастыруға болады, ал екінші жағынан мәдени туризм коммуникация ретінде ұсынылады. Сондықтан, мәдениет әлемнің көптеген елдерінде негізгі ресурс болып табылады.

Мәдени құндылықтарды оларды қолдануына байланысты В.А.Квартальновтың ұсыныстары бойынша келесідей жіктеуге болады: туристердің қолдануының қолжетімділігі (мәдени іс-шаралар, мейрамдар); аралас қолдану қолжетімділігі (тарихи ескерткіштер мен мұражайлар, театрлар, қорықтар); негізінде жергілікті халықтың қолдануы (мәдени объектілер, театрлар, кітапханалар және т.б.). Жоғарыдағы анықтамаға сәйкес еліміз мәдени мұраға, құндылыққа бай. Еліміз мәдени мұраларды тек қолданып қана емес, сонымен бірге оны сақтау, дәріптеу және т.б. сияқты мәселелерді шешуге тырысады, аймақтық стратегиялар әзірленуде [10].

Бүгінде Қазақстандағы туризм ел экономикасын дамытудағы приоритетті бағыт деп саналады, ол туристік нарықтың кенеттен дамуының дамуына кедергі келтіретін салалық құқықтық қамтылуды қамтамасыз етеді. Тек жағымды жағдай құру және туристік бизнесті жеткілікті түрде қолдау арқылы туристік кәсіпорындарды стимулдау, қоршаған ортаны қорғау (соның ішінде табиғи рекреациялық туристік ресурстар), өмірді, денсаулықты сақтау, құқықты және туристік қызметті тұтынушылар қызығушылықтарын қорғау [11].

Аймақтың тарихи-мәдени құндылықтарының маркетингтік талдауын қарастырып, бағалау жасауға болады (кесте 2).

Кесте 2 – Аймақтың тарихи-мәдени құндылықтарының маркетингтік мүмкіндіктеріне PEST-талдау

	Іс-әрекеттер	Әсері	Жауап реакциясы
1	2	3	4
Саяси факторлар	Мемлекеттік реттеу: Мемлекет тарапынан қаржы бөліну жеткілікті емес	Нарықтың сауығуы	Жаңа нарықтарға шығудың үлкен мүмкіндіктері
	Тауарлық саясатты дамыту, өндірілетін ассортиментті кеңейту, қорлық нарықты дамыту	Көршілес аудандардағы туроператорлардан сақтану	Нарыққа ену мүмкіндігі
Экономикалық факторлар	Өлке экономикасын дамыту	Туристік кәсіпорындардың қызмет көрсету саласындағы қызметін көрсетеді	Туристік сала кәсіпорындарының туризм инфрақұрылымын дамыту

Жалғасы келесі бетте

	Негізгі облыстар-серіктестер негізінде ҚР туристік нарық айналымының құрылымы (Павлодар облысы, Қытай, Ресей елдерімен шектес болған себепті және Абай тойының ЮНЕСКО көлемінде тойлануына байланысты)	Жоғары үлкен экономикалық белсенділік нарықты дамуыға әсер етеді	сыртқы-экономикалық байланыстарды дамытуға күш салады
Әлеуметтік-мәдени факторлар	Мәдени құндылықтарды сақтау, қорғау бойынша бағдарлама әзірлеу	Тез дамиды	Туристік қызметті көсетуді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді дамытудың әлемдік тәжірибесін үйрену
	Мәдени құндылықтарды сақтау, қорғау бойынша 2024-2027 ж. бағдарламаны іске асыру	Бағдарламаның орындалуына қызығушылық	Туристік қызметті дамытуға үлкен мүмкіндік
Технологиялық	IT технологиялар төлемдердің жалпы көлемдерін азайтуға мүмкіндік береді	Бағалардың азаюы	Туристік қызметті дамытуға үлкен мүмкіндік
	Интернет бойынша онлайн сатуды дамыту	Клиенттік базаның кеңуі	Туристік қызметті дамытуға үлкен мүмкіндік
	www.abai.vko.kz сайтының ресурстарын жетілдіру	Клиенттерді арттыру	Туристік қызметті дамытуға үлкен мүмкіндік
Ақпарат көзі: Авторлармен құрастырылған			

Абай ауданы өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін, тарихи-мәдени мұраларға аса бай өңірлердің бірі болып табылады. Бұл оның туризм саласында жоғары әлеуетке ие екендігін дәлелдейді және мәдени бағыттағы туризмді дамыту үшін айтарлықтай мүмкіндік бар екенін көрсетеді. Дегенмен, қолда бар мол мүмкіндіктерге қарамастан, бұл салада кешенді даму байқалмайды, себебі ауданға инфрақұрылымдық қолдау, инвестициялық ағын және туристік жобаларды іске асыруға бағытталған қаржыландыру жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген. Осыған орай, Абай ауданының даму болашағын тиімді бағалау және нақты қадамдар жасау үшін оның негізгі күшті және әлсіз жақтарын төмендегі кестеде (кесте 3) жүйелі түрде талдап көрсетеміз.

Сонымен қатар, аймақтың табиғи ландшафты мен мәдени мұра нысандары ішкі және шетелдік туристердің қызығушылығын арттыра алатын бірегей ресурс ретінде қарастырылады. Алайда, туризм саласын жүйелі түрде дамыту үшін кешенді стратегия мен жергілікті билік тарапынан тұрақты қолдау тетіктері қажет.

Туристік инфрақұрылымды жақсарту, жол-көлік қатынасын дамыту және сервистік қызметтердің сапасын арттыру – ауданның бәсекеге қабілеттілігін көтерудің басты шарттары болып табылады. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың туризмге деген

көзқарасын өзгерту, олардың бұл салаға белсенді қатысуын ынталандыру маңызды факторлардың бірі саналады.

Кесте 3 – Абай облысында тарихи-мәдени туризмнің дамуына SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- өлке тарихи-мәдени мұраларға толы; - Еуразия құрлығының кіндігі; - рекреациялық туризмді дамытуға мүмкіндік бере алатын Қоңыр Әулие үңгірі; - Архат ауылында экологиялық, спелео, жаяу туризмді, альпинизмді дамыту мүмкіндігі; - тұрғылықты халықтың әлеуметтік жағдайының жақсылығы; - танымдық туризмді дамытуға мүмкіндік; - ат туризмін дамыту мүмкіндіктері	- туризм саласына назар аударылмауы; - инвестицияның құйылмауы; - географиялық жағдайына зерттеу жұмыстарының жүргізілмеуі; - білікті мамандардың жетіспеуі; - жарнамалау саясатының жоқтығы - аудан туралы мәліметтердің жоқтығы
Мүмкіндіктері	Қатерлер
- рекреациялық, экологиялық, танымдық, спелео, жаяу туризмді және альпинизмді дамыту - шет ел туристерінің келу мүмкіндігі - ірі магистральды жолдарға жақындығы; - шет елдермен шекараға жақын (Ресей, Қытай); - Абай, Мұхтар, Шәкірімнің мерей тойларының ЮНЕСКО көлемінде аталып өтуі	- мемлекет тарапынан қолдауға ие бола алмауы; - қаражаттың болмауы; - дағдарыс жағдайы; - тарихты ұмыту; - құндылықтан айырылу
Ақпарат көзі: Мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған	

Зерттеу талдауларын қорытындылай келе біз мынадай нәтижелерге қол жеткіздік, кесте мәліметтері Абай ауданының тарихи-мәдени туризмді дамыту үшін әлеуетінің жоғары екендігін көрсетеді. Кез келген аймақ сияқты бұл аймаққа да тарихи-мәдени туризмді дамытудың негізгі міндеттерін шешу үшін үлкен мөлшерде инвестиция керек. [12].

Абай облысы тарихи-мәдени, киелі орындарға, экологиялық, жағажай және шекаралық туризм бағыттары бойынша зор әлеуетке ие. Республикалық деңгейдегі туристендіру картасына «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен Алакөл көлінің жағалауы енгізілді. Ал өңірлік деңгейде Шошқалы көлі, «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені және «Жидебай-Бөрілі» музей-қорығы маңызды туристік нысандар қатарында. Бұл орындар қазақстандықтар мен шетелдік саяхатшылардың назарын аударып келеді [8].

Қорытынды.

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе аталған аймақта туризмді дамытудың мынадай ұсыныстарын ұсынып отырмыз:

1. Инфрақұрылымды дамыту. Көлікке қолжетімділікті жаңғырту: негізгі көрікті жерлерге (Жидебай, Семей, Абай ауданы және т.б.) жолдарды қайта жаңарту. Автобус және

теміржол турмаршруттарын құру (Шымкент – Семей – Жидебай – Павлодарды қоса алғанда). Өскемен және Семей әуежайларынан туристер үшін трансфер ұйымдастыру. Қонақ үй қорын дамыту: қазақ ауылының стилистикасындағы этно-қонақүйлер, глампингтер салу және қолдау. Қонақ үйлер саласындағы шағын кәсіпкерлерді қолдау.

2. Мәдени-танымдық бағыттарды әзірлеу. "Абай ізімен" бағыты: Семей-Жидебай-Бөрілі-Шыңғыстау: Абай мен Шәкәрімнің өмірі мен мұрасымен танысу. Мұражайларды, мемориалдық кешендерді, мешіттерді, әдеби кештерді қосу. Тарихи-сәулет турлары: Семей: XIX–XX ғғ. ғимараттарын, Ертіс арқылы өтетін ескі көпірді, мұражайлар мен мешіттерді тексеру. Археологиялық нысандарға, соның ішінде сақ және түркі дәуірінің ескерткіштеріне бару. Мәдени фестивальдар мен іс-шаралар: әдеби оқулармен, театр қойылымдарымен, халық қолөнері жәрмеңкелерімен жыл сайынғы "Абай әлемі" фестивалін ұйымдастыру.

3. Цифрландыру және жылжыту. Бірыңғай туристік портал құру: интерактивті карталар, іс-шаралар кестелері, көрікті жерлер мен брондау туралы ақпарат. AR/VR қосымшаларын әзірлеу: мұражайларға, тарихи орындарға виртуалды турлар, XIX ғасырдағы оқиғаларды қайта құру. Әлеуметтік желілерде және халықаралық платформаларда (TripAdvisor, Booking, Lonely Planet) белсенді жылжыту: бейне мазмұны, жергілікті тұрғындардың әңгімелері, саяхатшылардың пікірлері.

4. Жергілікті бизнес пен қолөнерді қолдау. Кәдесый өнімдерін дамыту: Абай символикасы бар кәдесыйлар, халық бұйымдары (киіз, керамика, былғары). Гидтерге арналған оқу бағдарламалары: өлкетану, шет тілдері, туризм этикасы бойынша курстар. Агротуризммен ынтымақтастық: Қазақ ауылдарына сапарларды турларға қосу, дәстүрлі рәсімдер мен асханаларға қатысу.

5. Ынтымақтастық және инвестициялар. Мемлекеттік-жекеменшілік әріптестік: мәдени кешендер, этнопарктер құру үшін инвесторларды тарту. ЮНЕСКО және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық: көрнекілікті арттыру үшін ескерткіштерді дүниежүзілік мұра тізіміне қосу. Білім беру турлары мен тағылымдамалар: студенттерге, ғалымдарға және қазақ мәдениетін зерттеушілерге арналған бағдарламалар.

Сонымен, Абай аймағы туризмнің барлық түрлері үшін орасан зор әлеуетке ие, егер аймақтық туристік кластер қалыптасса, ол аймақ экономикасының драйверіне айналады. Ресурстарды дұрыс бөлу, туризм түрлерінің жіктелуіне және мемлекеттік және жеке секторлардың өзара әрекеттесуіне негізделген дұрыс модель дестинацияны алдағы жылдары саланың негізгі бағыттарының біріне айналдырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алиаскаров, Ғ.С. Туризм индустриясы және инфрақұрылымы: оқу-әдістемелік құрал [Мәтін] / Ғ.С. Алиаскаров. – Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. – 49 б.

2. Абай облысы // Ауылдық аймақтарды тұрақты дамыту қоры [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://furst.kz/abay> (дата обращения: 30.06.2024).

3. Красна, С.А., Драгичевич-Шешич, М. Культурный туризм как перспективное направление развития современного туризма [Текст] // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. – 2017 (2006?). – № 4. – С. 125–128.

4. Александрова, А.Ю. Глобальные стратегии развития туризма (по материалам Всемирной туристской организации) / А.Ю. Александрова // Научный вестник МГИИТ. –

2018. – № 6 (56). – С. 9–15.

5. Timothy, D.J. Making sense of heritage tourism: Research trends in a maturing field of study // *Tourism Management Perspectives*. – 2018. – Vol. 25. – P. 177–180. – URL: <https://doi.org/10.1016/j.tmp.2017.11.018> (дата обращения: 14.02.2020).

6. Рустемова, С.М., Жакупов, А.А. Абайская область: туризм как драйвер развития региона [Текст] // *Proceedings of the 5th International Scientific Conference “Theoretical Hypotheses and Empirical Results”* (December 14–15, 2023). – Oslo, Norway: Publisher.agency, 2023. – P. 171–175.

7. Уранхаев, Н. Киелі Абай Елі: фото-сурет [Мәтін] / Н. Уранхаев. – Абай, 2023. – 480 б.

8. Седова, Н.А. Культурно-просветительный туризм: учебное пособие [Текст] / Н.А. Седова. – М.: Советский спорт, 2004. – 96 с.

9. Аршабеков, Т.Т., Шотбакова, А.К., Аяпбергенова, Ж.А. Абай ауданының тарихы [Мәтін] / Т.Т. Аршабеков, А.К. Шотбакова, Ж.А. Аяпбергенова. – Қарағанды, 2016. – 390 б.

10. Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы [Текст] // Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. – Астана: Елорда, 2015. – 20 б.

11. Қазақстан Республикасының Заңы «Туристік қызмет туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288> (дата обращения: 30.06.2024).

12. Абай облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасы [Электронный ресурс]. – URL: <https://semeynews.kz/kk/news/35500/> (дата обращения: 30.06.2024).

REFERENCES

1. Aliasqarov, G.S. Turizm industriyası zhane infrastrukturalyqylymy: oqu-adistemelik qural [Tourism Industry and Infrastructure: Teaching and Methodological Guide] [Matin] / G.S. Aliasqarov. – Almaty: «Turan» Universiteti, 2020. – 49 b.

2. Abaj oblysy // Auyldyk ajmaktardy turakty damytu kory [Abai Region // Fund for Sustainable Development of Rural Areas] [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://furst.kz/abaj> (data obrasheniya: 30.06.2024).

3. Krasna, S. A., Dragichevich Sheshich, M. Kulturnyj turizm kak perspektivnoe napravlenie razvitiya sovremennogo turizma [Cultural Tourism as a Promising Direction for the Development of Modern Tourism] // *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta kultury i iskusstv*. – 2017 (2006?). – № 4. – S. 125–128.

4. Aleksandrova, A.Yu. Globalnye strategii razvitiya turizma (po materialam Vsemirnoj turistskoj organizacii) [Global Strategies for Tourism Development (Based on UNWTO Materials)] / A.Yu. Aleksandrova // *Nauchnyj vestnik MGII*. – 2018. – № 6 (56). – S. 9–15.

5. Timothy, D.J. Making sense of heritage tourism: Research trends in a maturing field of study // *Tourism Management Perspectives*. – 2018. – Vol. 25. – P. 177–180. – URL: <https://doi.org/10.1016/j.tmp.2017.11.018> (data obrasheniya: 14.02.2020).

6. Rustemova, S.M., Zhakupov, A.A. Abajskaya oblast: turizm kak drajver razvitiya regiona [Abai Region: Tourism as a Driver of Regional Development] // *Proceedings of the 5th International Scientific Conference “Theoretical Hypotheses and Empirical Results”* (December 14–15, 2023). – Oslo, Norway: Publisher.agency, 2023. – P. 171–175.

7. Urahaev, N. Kieli Abaj Eli: foto-suret [Sacred Land of Abai: Photo Album] / N.

Uranhaev. – Abaj, 2023. – 480 b.

8. Sedova, N.A. Kulturno-prosvetitelnyj turizm: uchebnoe posobie [Cultural and Educational Tourism: Textbook] / N.A. Sedova. – M.: Sovetskij sport, 2004. – 96 s.

9. Arshabekov, T.T., Shotbakova, A.K., Ayapbergenova, Zh.A. Abaj audanyryn tarihy [History of the Abai District] / T.T. Arshabekov, A.K. Shotbakova, Zh.A. Ayapbergenova. – Qaraqandy, 2016. – 390 b.

10. Abajdyn memlekettik koryq-murazhajy [Abai State Historical and Memorial Museum-Reserve // Ministry of Culture, Information and Sports of the Republic of Kazakhstan] // Kazakstan Respublikasy Mädeniet, akparat zhane sport ministrligi. – Astana: Elorda, 2015. – 20 b.

11. Kazakstan Respublikasynyn Zany «Turistik kyzmet turaly» 2019 zhyly 26 zheltoksandary № 288-VI KRZ [Law of the Republic of Kazakhstan “On Tourism Activities” dated December 26, 2019 No. 288-VI] [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288> (data obrasheniya: 30.06.2024).

12. Abaj oblysynyn turizm zhane syrtky bajlanystar baskarmasy [Department of Tourism and External Relations of the Abai Region] [Elektronnyj resurs]. – URL: <https://semeynews.kz/kk/news/35500/> (data obrasheniya: 30.06.2024).

С. РУСТЕМОВА Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты (Қазақстан, Астана) e-mail: sabiruwa1986@mail.ru	В. КРЪСТЕВ География ғылымдарының докторы, доцент Варна Экономикалық университеті (Болгария, Варна), e-mail: vrkstev@mail.ru
К. ТУКИБАЕВА PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, (Қазақстан, Астана) email: kuralay.phd2018@gmail.com	Д. АЛИМБЕКОВ Магистр, аға оқытушы Халықаралақ туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) email: damirbek.alimbekov@iuth.edu.kz
	24.03.2025 ж. баспаға түсті 05.04.2025 ж. түзетулермен келді 30.06.2025 ж. басып шығаруға қабылданды

S. RUSTEMOVA¹, V. KRYSTEV², K. TUKIBAEVA¹, D. ALIMBEKOV³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Astana), e-mail: sabiruwa1986@mail.ru

²Varna University of Economics (Bulgaria, Varna)

⁴Internation University of Tourism And Hospitality (Kazakhstan, Turkestan)

POSSIBILITIES FOR THE DEVELOPMENT OF HISTORICAL AND CULTURAL TOURISM IN THE ABAY DISTRICT

Abstract. The article discusses research on identifying and using tourism opportunities and tourism potential of the Abay region, and their improvement. The tourism industry is part of the country's economy, determining the socio-economic development of the republic based on the use of historical and cultural resources. Today, large-scale work is being carried out in Kazakhstan to reform tourism and the tourism business development strategy. The problem of sustainable and social development of tourism is relevant throughout the historical development of the Republic of Kazakhstan. The development of tourism helps to improve the socio-economic situation of the

region: the development of entrepreneurship, earnings, employment, thereby reducing poverty. An analysis of the geographical location, characteristics and development of the Abay region, tourist factors and competitive advantages of the region is presented.

The article examines the main types of tourism in the Abay region, and also analyzes the main indicators and the current state of tourism development in this region. Research was carried out on the tourism potential of the Abay region, Pest analysis, SWOT analysis: the strengths and weaknesses of tourism, as well as the opportunities and risks of the area were shown. Factors that impede the development of inbound and outbound tourism, and factors that favorably influence the development of tourism in the Abay region, have been identified. The article discusses the main types of tourism in the Abay region, and also offers an analysis of the main indicators and the current state of tourism development in this region.

Keywords: tourism, recreation, educational tourism, cultural tourism, regional tourism, natural resource potential, tourist potential.

С. РУСТЕМОВА¹✉, В. КРЪСТЕВ², К. ТУКИБАЕВА¹. Д. АЛИМБЕКОВ³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

(Казахстан, Астана), e-mail: sabiruwa1986@mail.ru

²Экономический университет Варны (Болгария, Варна)

⁴Международный университет туризм и гостеприимства (Казахстан, Туркестан)

ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО ТУРИЗМА В АБАЙСКОМ РАЙОНЕ

Аннотация. В статье рассматриваются исследования по выявлению и использованию туристских возможностей и туристского потенциала Абайской области, их совершенствованию. Индустрия туризма является частью экономики страны, определяющей социально-экономическое развитие республики на основе использования историко-культурных ресурсов. на сегодняшний день в Казахстане проводится масштабная работа по реформированию туризма и стратегии развития туристского бизнеса. Проблема устойчивого и социального развития туризма актуальна на протяжении всего исторического развития Республики Казахстан. Развитие туризма способствует улучшению социально-экономического положения региона: развитию предпринимательства, заработку, занятости, тем самым снижению бедности. Представлен анализ географического положения, особенностей и развития Абайского региона, туристских факторов и конкурентных преимуществ региона. В статье рассмотрены основные виды туризма в Абайской области, а также проанализированы основные показатели и современное состояние развития туризма в этом регионе. Проведены исследования туристского потенциала Абайской области, Pest-анализ, SWOT-анализ: показаны сильные и слабые стороны туризма, а также возможности и риски района. Выявлены факторы, препятствующие развитию въездного и выездного туризма, и факторы, благоприятно влияющие на развитие туризма в Абайской области. В статье рассматриваются основные виды туризма в Абайской области, а также предлагается анализ основных показателей и современного состояния развития туризма в этом регионе.

Ключевые слова: туризм, рекреация, познавательный туризм, культурный туризм, региональный туризм, природно-ресурсный потенциал, туристский потенциал.